

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІ ШАРАЛАРЫ




Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрлігі
Батыс Қазақстан облысының
Төтенше жағдайлар
департаменті

Құрметті облыс және қала тұрғындары! Өрттің пайда болуының алдын алу үшін келесі өрт қауіпсіздігі қағидаларын сақтау қажет:

- ▶ электр сымдарының, ажыратқыштардың, розеткалардың жарамдылығын қадағалаңыз;
- ▶ электр құрылғыларын, плиталарды перделер мен жиһаздардан қашық жерге жанбайтын тіреуіштерге қойыңыз;
- ▶ қуаттылығы жоғары электр құрылғыларын бір желіге қосылуына жол бермеңіз, бұл электр желілерінің жоғары жүктемесіне алып келеді;
- ▶ қолдан жасалған электр қыздырғыш құрылғыларды қолданбаңыз;
- ▶ қыздырғыштарды киім кептіруге пайдаланбаңыз;
- ▶ бөлмелерді жылытуға газ плиталарын қолданбаңыз;
- ▶ үйден шығарда барлық газ және электр құрылғылары өшірілгеніне көз жеткізіңіз;
- ▶ уақтылы жылыту пештерін жөндеңіздер, түтіндіктерді күйеден тазартыңыз;
- ▶ жылыту пештерінің алдына 50x70 см металл қағып қойыңыз;
- ▶ пешті жеңіл тұтанатын сұйықтықтармен жақпаңыз;
- ▶ жағылған пештерді және электр қыздырғыш құрылғыларды қараусыз қалдырмаңыз;
- ▶ сіріңкелер мен оттықтарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз, кішкентай балаларды қадағалаусыз қалдырмаңыз;
- ▶ төсекте шылым шекпеңіз.

ӨЗ ҮЙІМІЗДІ ӨРТТЕН САҚТАЙЫҚ



ӨРТ КЕЗІНДЕ «101», «112» ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАҢЫЗ



БАТЫС ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙЛАР ДЕПАРТАМЕНТІ

ТҰРҒЫН ҮЙ СЕКТОРЫНДАҒЫ ӨРТ ҚАУПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІ

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Жыл сайын облыс аумағында 600-ден астам өрт оқиғасы орын алады, өрттен 40-қа жуық адам зардап шегіп, оның жартысы қайтыс болады



СӨНБЕГЕН СІРІҢКЕНІ, ТЕМЕКІ
ТҰҚЫЛДАРЫН ЛАҚТЫРМАҢЫЗ!



ТӨСЕКТЕ ШЫЛЫМ ШЕГУГЕ
ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!



ЖЫЛЫТУ ПЕШТЕРДІ ПАЙДАЛАНУ
ЖӘНЕ ОРНАТУ ЕРЕЖЕЛЕРІН САҚТАҢЫЗ!



БАЛАЛАРДЫҢ ОТПЕН ОЙНАУЫНА
ЖОЛ БЕРМЕҢІЗ!



ЭЛЕКТР ЖӘНЕ ҚЫЗДЫРҒЫШ
АСПАПТАРДЫ ӨШІРІҢІЗ!



ЭВАКУАЦИЯЛАУ ЖОЛДАРЫНА
КЕДЕРГІЛЕР ҚОЙМАҢЫЗ!

**ӨЗДЕРІҢІЗДІ ЖӘНЕ ЖАҚЫНДАРЫҢЫЗДЫ САҚТАҢЫЗДАР!
ӨРТ КЕЗІНДЕ «101», «112» ТЕЛЕФОНЫНА ХАБАРЛАҢЫЗ**